

Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

Алматы қ.

№11

Директор атынан әрекет ететін бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Алматы қаласы Мәдениет басқармасының "Алатау" дәстүрлі өнер театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Жарғы негізінде әрекет ететін Нуралиев Махсат Капалбаевич бір тараптан және Директор атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын "RAKADA GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан Жарғысы негізінде әрекет ететін Шамова Ирина Ивановна, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және 2024-11-13 № 10132519-ОК1 Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1 Ұғымдар мен айқындамалар

1.1 Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) Бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) техникалық қадағалаушы – мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған тұлға;

4) объект – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

5) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;

6) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар

1-1) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

2 Шарттың мәні

2.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы



Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті

2.2 Жұмыстар - «Алматы қаласы мәдениет басқармасының «Алатау» дәстүрлі өнер театры» КМҚК» үшін «Алатау» дәстүрлі өнер театры ғимаратын күрделі жөндеу» Жобасы бойынша орындалады, онда Алматы қ., Алатау ауданы, НҰРКЕНТ шағын ауданы, 6 бар.

Бас жобалаушы - «Строй-проект-инвентаризация» ЖШС.

2.3 Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттардың тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);

3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 932 674 736.00 (тоғыз жүз отыз екі миллион алты жүз жетпіс төрт мың жеті жүз отыз алты тенге нөл тиын) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 99 929 436.00 тенге (тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың төрт жүз отыз алты тенге нөл тиын)

3.2 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде 5 (бес) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді жүргізеді.

Аралық төлемдер Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау, сондай-ақ Шарт сомасының 5 (бес) пайыз мөлшерінде кепілдік енгізу ескеріле отырып, Орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей аванс 30%, қалғаны іс жүзінде Мердігердің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

. Егер Жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.

Егер Жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.

3.3 Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.4 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;



4) Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

4 Тараптардың міндеттемелері.

4.1 Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 8 394 072.60 теңгеге тең осы қаржы жылы Шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және және 83 940 726.00 теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін, міндеттенеді, бұл жалпы алғанда мынадай:

Мердігердің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынуудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мәміруін қиылауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы, шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

4.2 Мердігер:

1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;

4.3 Тапсырыс беруші:

1) егер жер учаскесін босатуға байланысты жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген болса, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жер учаскесінен Мердігерге жұмыстарды орындауға кірісуге, оларды жүргізуді және аяқтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілері ауысуға жататын өз бетінше салынған құрылыстардан, өзге де бұрыннан бар үйлерден, құрылыстардан, құрылыс жайлардан үйінділер мен қоқыстардан босатуға;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

6) өндірістік жұмыстар басталғанға дейін Мердігерге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік) Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795 болып тіркелген) Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына сәйкес барлық қажетті құжаттарды беруге;

7) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2 Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күні Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап

5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілуге тиіс.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Мердігердің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.



6.2 Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі. Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

6.3 Мердігердің бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындаған және авторлық және техникалық қадағалаумен расталған жұмыстарды тапсыруы жұмыстарды орындау фактісі бойынша ай сайын, бірақ есепті айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады және тараптар қол қоятын орындалған жұмыстар актісі мен орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама ресімделеді.

7 Кепілдік. Сапа

7.1 Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі (бар болса) себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету Мердігер беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырысшының талап етуі бойынша Мердігер жұмыстарды орындау нәтижелері сапасының техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

7.2 Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 36 ай мерзіміне береді.

7.3 Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

8 Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2 Секвестр және/немесе мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында/есеп шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты (оның ішінде аванс) Мердігерге Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.

8.3 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы



тиіс.

8.4 Мердігер Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Мердігерден мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін төлем жүргізеді.

8.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуосы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан Тараптарды босатпайды.

8.6 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7 Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді

8.8 Қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда Мердігер осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Тапсырыс берушімен келісілмеген қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, сондай-ақ жұмыс көлемінің екіден бірінен көбін қосалқы мердігерге берген кезде тапсырыс беруші растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстардың екіден бір көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге беруге тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді

8.9 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігер өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы, сондай-ақ Заңның 26-бабына сәйкес Мердігер енгізген соманы (бар болса қайтармайды.

8.10 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда (бар болса) қамтамасыз ету сомасын Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Мердігер Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Мердігерге қайтарады.

9 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

9.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 жылға дейін қолданылады.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9.2 Мынадай оқиғалар өзінен кейін олардың ұлғаюы бөлігінде:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Мердігер нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші дәлелдеу техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректермен жобалауға Тапсырма беруді кідіртеді;

9.3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер 5 календарных дней күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса және егер Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстардың тоқтатыла тұру себептері туралы жазбаша хабарламаса, бұл ретте жұмыстардың тоқтатыла тұру себептерін Тапсырыс беруші Мердігерге байланысты емес деп келісілген болса.

3) Мердігер Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау 10 календарных дней күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4 Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Шарт жоғарыда көрсетілген жағдаяттар себебінен жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзу күніндегі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.5 Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Мердігерге Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Заңның 43-бабының 23-1-тармағында көзделген шектеулер бұзылса;



4) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстар орындалған жағдайларды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шартты жасасудан жалтарса мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9.6 Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді

9.7 Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

10 Хабарлама

10.1 Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2 Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

11 Форс-мажор

11.1 Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдаяттар туындаған жағдайда, өзіне алған міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2 Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді одан алуға құқығы бар.

11.3 Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4 Егер форс-мажор жағдаяты Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

12 Даулы мәселелерді шешу

12.1 Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

келіспеушіліктерді немесе дауларды шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

13.3 Мердігердің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

13.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
Алматы қаласы Мәдениет басқармасының
"Алатау" дәстүрлі өнер театры"
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны
г.Алматы, Алатауский район, Микрорайон
НУРКЕНТ, 6
БСН 990640001638
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ298562203111802332
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: +77078392333
Директор Нуралиев Махсат Капалбаевич

Мердігер (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
"RAKADA GROUP" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Қарагандинская область, г.Қараганда,
Новоселов, 190/1, 42-45
БСН/ЖСН 131140023566
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ3096509F0008171692
"ForteBank" АҚ
Тел.: 87212909697
Директор Шамова Ирина Ивановна

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 10132519-1
Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2024 қаржылық жыл												
61470087-ОК1	Алматы қаласы Мәдениет басқармасының "Алатау" дәстүрлі өнер театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тұрғын емес ғимараттарды/ғимараттарды/үй-жайларды жөндеу бойынша жұмыстар	Тұрғын емес ғимараттар/құрылыстар/бөлмелерді жөндеу жұмыстары (жабдықтар, инженерлік жүйелер мен байланыстардан басқа)	Алматы қаласы мәдениет басқармасының "Алатау" дәстүрлі өнер театры " КМҚК театр ғимаратын күрделі жөндеу	Жұмыс	1	932 674 736.00	5 ай	6 ай	Алматы қ., Алатау ауданы Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент ықшам ауданы, 6 (1)	30	279 802 420.00
2025 қаржылық жыл												
61470087-ОК1	Алматы қаласы Мәдениет басқармасының "Алатау" дәстүрлі өнер театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тұрғын емес ғимараттарды/ғимараттарды/үй-жайларды жөндеу бойынша жұмыстар	Тұрғын емес ғимараттар/құрылыстар/бөлмелерді жөндеу жұмыстары (жабдықтар, инженерлік жүйелер мен байланыстардан басқа)	Алматы қаласы мәдениет басқармасының "Алатау" дәстүрлі өнер театры " КМҚК театр ғимаратын күрделі жөндеу	Жұмыс	1	932 674 736.00	5 ай	6 ай	Алматы қ., Алатау ауданы Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент ықшам ауданы, 6 (1)	30	652 872 316.00

Типовой договор о государственных закупках работ в сфере строительства

г.Алматы

№11

Коммунальное государственное казенное предприятие "Театр традиционного искусства "Алатау" Управления культуры города Алматы", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Нуралиев Махсат Капалбаевич, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "RAKADA GROUP", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Подрядчик», от лица которого выступает Директор Шамова Ирина Ивановна, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом Открытый конкурс от 2024-11-13 года № 10132519-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках работ (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Понятия и определения

1.1 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

- 1) генеральный Подрядчик (далее - Подрядчик) - юридическое лицо, выступающее в качестве контрагента Заказчика в заключенном с ним договоре о государственных закупках, а также консорциум (в случаях, предусмотренных Правилами осуществления закупок);
- 2) субподрядчик - лицо или организация, имеющие договор и (или) соглашение с Подрядчиком на выполнение части работ по Договору на участке (объекте);
